

## №1 ХАТТАМА

Қарағанды облысы білім басқармасының  
Шахтинск қаласы білім бөлімінің  
КМҚК «Салтанат» бөбекжай-бақшасы  
Қамқоршылық кеңесінің отырысы

2026 жылғы 12 наурыз

Өткізу күні: 2026 жылғы 12 наурыз

Өткізу орны: КМҚК «Салтанат» бөбекжай-бақшасы

### Қатысқандар:

- Директор **Обердерфер И.Ф.**
- Қамқоршылық кеңесінің төрайымы **Бейсембаева Ш.Б.**
- Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:
  - Евстегнеев А.И.
  - Ганюкова Н.С.
  - Зимницкая Е.В.
  - Мендрук А.А.
  - Матишина Н.К.

### Күн тәртібі

1. Білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлеу.
2. Тауарлар мен қызметтерді сатып алуға мониторинг жүргізу.
3. Ұйымдастырушылық мәселелер және әртүрлі сұрақтар.

### Бірінші мәселе бойынша тыңдалды

Балабақша директоры **Обердерфер И.Ф.**, ол Қамқоршылық кеңесінің мүшелерін 2026 жылға арналған білім беру ұйымының жоспарланған шығыстарымен таныстырды.

Шығыстар жоспары санитарлық талаптарды қамтамасыз ету, білім беру үдерісін ұйымдастыру, мекеменің материалдық-техникалық базасын жаңарту, сондай-ақ тәрбиеленушілер үшін қолайлы және қауіпсіз жағдай жасау қажеттіліктерін ескере отырып қалыптастырылғаны атап өтілді.

Директор 2026 жылға жоспарланған сатып алулар туралы ақпарат берді. Оның ішінде кеңсе тауарлары, қағаз, жуу және шаруашылық құралдары, ыдыс-аяқ, оргтехникаға арналған шығын материалдары, жұмсақ мүкәммал, ойыншықтар, негізгі құралдар, қызметкерлердің медициналық тексеруі және баспахана қызметтері бар.

**Сөз сөйледі: Мендрук А.А.**

Ол балабақшаны қажетті материалдармен және жабдықтармен қамтамасыз ету балаларды тәрбиелеу мен дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға ықпал ететінін атап өтті.

**Сөз сөйледі: Зимницкая Е.В.**

Ұсынылған шығыстар жоспарын қолдап, білім беру үдерісін толыққанды ұйымдастыру үшін балабақшаны қажетті ресурстармен уақытылы қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

### **Екінші мәселе бойынша тыңдалды**

Балабақша директоры **Обердерфер И.Ф.**, ол 2025 жылдың қазан айынан 2026 жылдың наурыз айына дейінгі кезеңде тауарлар мен жабдықтарды сатып алу туралы ақпарат ұсынды.

Аталған кезеңде балабақшаға интерактивті еден, кір жуғыш машина, ас блогына арналған пароконвектомат сатып алынып, тұзды бөлме жабдықталды, сондай-ақ принтерлер мен бактерицидтік рециркуляторлар алынды.

Директор бұл сатып алулар мекеменің материалдық-техникалық базасын жақсартуға, білім беру үдерісінің сапасын арттыруға, тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға және санитарлық-гигиеналық талаптарды қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтті.

**Сөз сөйледі: Матнишина Н.К.**

Ол балалардың жан-жақты дамуы үшін заманауи білім беру ортасын құрудың маңыздылығын атап өтті.

**Сөз сөйледі: Евстегнеев А.И.**

Балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайтудың және балалардың қауіпсіз болуы үшін жағдай жасаудың маңыздылығын атап өтті.

### **Үшінші мәселе бойынша**

Қамқоршылық кеңесінің қызметіне қатысты ағымдағы ұйымдастырушылық мәселелер, сондай-ақ ата-аналар мен балабақша әкімшілігінің өзара іс-қимылы мәселелері қарастырылды.

### **Қаулы**

1. КМҚК «Салтанат» бөбекжай-бақшасының директоры **Обердерфер И.Ф.** ұсынған 2025 жылдың қазан айынан 2026 жылдың наурыз айына дейінгі кезеңдегі тауарлар мен қызметтерді сатып алу туралы, сондай-ақ 2026 жылға жоспарланған шығыстар туралы ақпарат назарға алынсын.
2. Мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайту, санитарлық-гигиеналық талаптарды қамтамасыз ету және балаларды тәрбиелеу мен дамыту үшін қолайлы

жагдай жасау мақсатында алынған жабдықтар мен материалдардың қажеттілігі мен орындылығы атап өтілсін.

3. Балабақша әкімшілігіне материалдық-техникалық базаны жанарту және бюджет қаражатын пайдаланудың ашықтығын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру ұсынылсын.

**Дауыс беру нәтижесі:**


«қолдады» – 6

«қарсы» – 0


«қалыс қалды» – 0


**Төрайым**


Ш. Бейсембаева




**Комиссия мүшелері:**

Ганюкова Н.С. 

Евстегнеев А.И. 

Зимницкая Е.В. 

Мендрук А.А. 

Матиишина Н.К. 